



**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ (1941-1945  
ЖЖ.) ГЕРМАНИЯНЫҢ КСРО-ҒА  
ШАБУЫЛЫ. 22 МАУСЫМ, 1941 Ж.**

---

Гитлер Батыс Еуропа елдерінің көбін жаулап алғаннан кейін, КСРО-ны (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы) жаулап алуға дайындыққа кірісті. 1940 жылы 18 желтоқсанда КСРО-ны қысқа мерзімде басып алу мақсатында дайындалған «Барбаросса» жоспарына қол қойды. Бұл жоспар бойынша Германия КСРО-ға қарсы негізінен үш бағытта шабуыл жасап, 8-10 апта ішінде соғысты аяқтау керек болды. Бірінші бағыт - Ленинград, екінші бағыт - Мәскеу, үшіншісі - Киев қалалары.




Соғыстың түпкі мақсаты - социалистік ел КСРО-ны жою еді. 1941 жылы «Барбаросса жоспарын» жүзеге асыру үшін КСРО шекарасына 190 дивизия, оның 153 дивизиясы Германиядан, 5,5 млн адам, 47 мың зеңбірек, 4300 танк және 5 мың әскери самолеттер шоғырландырылды. Мұндай қарулы күшті жинақтау адамзат баласының тарихында бұрын-соңды болмаған. Кеңес үкіметі Фин соғысынан кейін ғана әскери күштерді қайта құрып, жаңа қару-жарақтармен жабдықтауға кірісе бастаған еді.



Фашистік Германияның КСРО-ға шабуылы






Соғыс қарсаңында КСРО-ның әскер қатарында 5,3 млн адам болды. Батыс шекарада 2,7 млн адам, 170 дивизия, 147 танк және 1510 самолет, 375 әр түрлі зеңбіректер болды. Осы кезде Кеңес Армиясының қатарын тазарту мен репрессия кең етек алды. Кеңес Армиясының қатарындағы 5 маршалдың үшеуі репрессияға ұшырап (М.Н.Тухачевский, В.К.Блюхер, А.И.Егоровтар), атылды. 1937-1938 жылдардағы репрессия барысында 40 мың әскер басшылары тұтқындалды. 1941 жылы соғыс басталарда әскери және саяси басшылардың 70-75%-ы жаңадан келген, тәжірибелері жоқ жас адамдар болды.

Сталин Ұлы Отан соғысы қарсаңында көптеген қателіктер жіберді. Біріншіден, Гитлер КСРО-ға шабуыл жасайды деп ойламады. Екіншіден, соғыс қарсаңында шет елден келіп жатқан ақпарат мәліметтеріне сенімсіздікпен қарады.

❖ Сталин Ұлы Отан соғысы қарсаңында көптеген қателіктер жіберді. Біріншіден, Гитлер КСРО-ға шабуыл жасайды деп ойламады. Екіншіден, соғыс қарсаңында шет елден келіп жатқан ақпарат мәліметтеріне сенімсіздікпен қарады. Соғыстың басталуына бір апта қалғанда 1941 жылғы 14 маусымда ТАСС-тың «Германия КСРО-ға соғыс ашады деген өсек ешқандай шындыққа жатпайды» деген мәлідемесі жарияланды. Кеңес Армиясының батыс шекарадағы бөлімдері толық әскери дайындыққа келтірілмеді. Гитлер Сталиннің сеніміне толық кіріп алғаннан кейін, соғысты бастауға кірісті.

❖ 1941 жылы 22 маусымда таңертеңгі 3 сағат 30 минутта, Германия шабуыл жасаспау туралы Кеңес-Герман шартын бұзып, соғыс жарияламастан КСРО жеріне опасыздықпен басып кірді. Баренц теңізінен Қара теңізге дейінге аралықта орасан зор шайқас басталды.





❖ Жау соққысына бірінші болып шекарадағы 485 застава қарсы тұрды. Бұл застава Белоруссияның батысында орналасқан болатын. Жау күштерінің басымдығына қарамай, олардың бірде-біреуі бұйрықсыз өз орындарын тастап кетпестен, соңғы қарулары қалғанша шайқасты. Олардың бәрі қаза болды. Брест қаласының қорғанысы кеңес жауынгерлері ерлігінің жарқын мысалы болды. Жан-жақтан түгел қоршауда қалған олар азық-түліксіз, сусыз бір ай неміс-фашист әскерлерінің шабуылдарын тежеп тұрды. Олар: майор П.М.Гаврилов, капитан Зубачев, полк комиссары Е.М.Фомин, қазақстандық Ө.Жұматов пен Е.Фурсовтар еді. Кеңес әскерлері кескілескен табанды күрес жүргізе отырып, шегінуге мәжбүр болды.



# Molotova–Ribentropa pakta sekas Austrumārijā

0 120 km



**1940. V** **1940. VI**


**125 000** → ārpus Reicha dzīvojošo vāciešu repatriācija uz okupētajiem Polijas apgabaliem un repatriantu skaits no 1939. g. beigām  
**200 000 ebreju** → galvenās bēgļu plūsmas un skaits 1939.–1940. g.  
**15 400 no Latvijas** → uz Sibīriju un citiem attālām PSRS apgabaliem 1939.–1941. g. deportātie okupēto teritorijā iedzīvotāji  
**Katiņa** → 1940. g. IV padomju varas iestāžu organizētās 22 000 poļu gūstekņu (t. sk. 8000 virsnieku) nospēkavošanas vietas

PSRS–Vācijas ietekmes sfēru robeža saskaņā ar 1939. g. 23. VIII Maskavā noslēgto Molotova–Ribentropa pakta mainīta PSRS–Vācijas ietekmes sfēru robeža saskaņā ar 1939. g. 28. IX noslēgto līgumu  
 Vācijas un PSRS karaspēka galvenie pārvietošanās virzieni un līdz 1940. g. VII okupēto teritoriju robežas  
 Vācijas un PSRS agresijas sākuma datums pret citām valstīm

- 1 Viņas novads – 1939. g. IX PSRS to okupēja kopā ar pārējo Polijas austrumu daļu, bet mēnesi vēlāk nodeva Lietuvai apmaiņā pret tiesībām tajā izvietot savas kara bāzes, tādējādi sagatavojot 1940. g. VI sekojošo Baltijas valstu okupāciju
- 2 Marijampoles novads – 1940. g. par 7,5 milj. USD PSRS to atpirkā no Vācijas, kuras interešu sfērā tas atradās
- 3 Hanko pussala – Somija pēc Ziemas kara bija spiesta to "iznomāt" PSRS karabāzēm uz 30 gadiem apmaiņā pret tiesībām saglabāt Pētsamo ostu
- 4 Teritorijas, kuras pēc Ziemas kara (1939. g. 30. XI – 1940. g. 12. III) Somija bija spiesta atdot PSRS



❖ 22 маусым күні күндізгі сағат 12-де еліміздің барлық радиостанциялары Кеңес үкіметі атынан сөйлеген В.М.Моло- товтың кеңес халқына үндеуін таратты. Үндеуде фашистік Германияның тосыннан соғыс ашқанын, оның түпкі мақсаты кеңес халқын құлдыққа бөндіру екенін айта келіп, «Біздің ісіміз адал, жау жеңілуі керек, жеңіс біздікі» деп аяқтады. Елдің батыс бөлігінде соғыс жағдайы енгізілді. КСРО халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) Орталық Комитеті 1941 жылы 29 маусым- дағы мәлімдемесінде кеңес халқын еліміздің әрбір сүйем жерін қорғап қалуға, майдандағы әскерлерге жан-жақты көмек ұйымдастыруға шақырып, елдің бүкіл өмірін майдан мүдделеріне бағындыру керек екенін айтты. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген үндеу бүкіл көпұлтты кеңес халқының жауынгерлік ұранына айналды.



◆ 1941 жылы 30 маусымда КСРО-ның соғыс жылдарындағы барлық өкімет билігі шоғырландырылған мемлекеттік төтенше жоғарғы органы - Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті (МҚК) құрылды. Бұған И.В.Сталин (төрағасы), В.М.Молотов (төрағасының орынбасары), К.Е.Ворошилов, Г.М.Маленков, Л. П.Берия, Л.М.Каганович кірді